



ТІЛ ТАРИХЫ: КІРІСПЕ

Грек тілінің тарихы



Грек тілінің шығу тарихы өте қызық. Латын тілі мен грек тілінің әлемде алатын орны ерекше. Грек тілінің өзінің биік өрісін көрсеткен уақытына көз жүгіртсек, ежелгі Грекияның этикалық ақыны Гомердің (б.з.б. VII–VIII ғ.) өмір сүрген заманымен тұспа-тұс келеді. Әлемге әйгілі Гомердің туындылары деп есептейтін әлем жұртшылығы «Илья» мен «Одиссейді» осы Грекияның этикалық ақыны Гомердің атымен таниды. Дегенмен кейінгі зерттеулер бұл шешімді қабылдамайды. Өйткені олардың ойынша стильдік жағынан екі түрлі «Илья» мен «Одиссей» туындыларын, бір адамның жасауы мүмкін емес деген пікір айтылады. Нақты айтқанда, грек және рим тілдері әдебиетінің нағыз ұстазы, неміс филологы, ежелгі дәуір зерттеушісі, «Prolegomena ad Homerum» еңбегінің авторы – Фридрих Август 1862–1875 жылдары осы жөнінде үлкен бір зерттеу кітабын жазған болатын. Сол кітабында ол «Илья» мен «Одиссей» туындыларының жазылуында бір адамның ойы бар екендігін жоққа шығарады. Сол себептен әртүрлі жыраулар оларды жинап, бір шығарма ретінде кейін елге таратқан. Гомердің өмір сүрген заманында Грекияда жазба әдебиеті болмаған. Оның шығармасы ауыздан ауызға айтылып таралған. Осыдан кейін екі ғасыр өткеннен соң ғана, Грекияда жазба әдебиеті пайда болады. Ауыздан-ауызға таралып айтылған туындыларды хатқа түсіре бастаған кезде, ол екі ғасырдың ішінде, әрине, біраз өзгеріске ұшырауы әбден мүмкін еді. Бірақ соған қарамастан, «Илья» мен «Одиссей» туындылары, Грек тілінің мәңгілік тіл және әлемдік тіл болып қалыптасуына негіз болғандығын айта аламыз.

Бұл тілдің әлемдік деңгейге көтерілетін басқа себептері де аз емес. Мысалы, осы шығармалардағы философиялық ойлар дамып, өріс алғаннан кейін жарыққа шыққан Прометей туындысы. Прометей – ежелгі грек мифологиясындағы алып кейіпкер, сақтар патшасы, адамзатты құдайлар зомбылығынан қорғаушы. Гректердің аңыздарында құдайлар шайқасы деген бар. Әр құдай өзін құдайлардың құдайы деп есептегісі келеді. Сондықтан оларға адамдарды қараңғылықта, надандықта ұстау керек болған. Құдай болу, үстемдік жүргізу үшін адамдар төмен деңгейде болуы қажет, ондай деңгейде болмаса, кез келген адам құдайға бағына бермейтін еді. Сол қараңғылықта қалған жұртшылыққа Прометей отты апарып береді де, қараңғылықтан оларды жарыққа жетелейді. Надандықтан даналыққа жетелеу құдайлардың ісіне қайшы келеді, өйткені құдайларға дана адамдарды билеп отыру оңайға соқпайды. Сол себептен құдайлар Прометейді алыс жерге апарып, байлап тастаңдар, өмір бойы азап шегетіндей болсын деп бұйрық береді. Содан Прометейді таулардың бөктеріне апарып, байлап тастайды. Сол жерде күнде бір құс Прометейдің бауырын жеп тұрады екен, бауыры жазылған сайын әлгі құс оның бауырын тесіп отырады екен, солай өмірі азаппен өтеді. «О, Тәңірім, мені жалғыздық азабынан құтқаршы», – деп Прометей құдайына күнде жалбарынады. Бұл адамның адамға мұқтаж екендігін, адам тек қана ортада, қоғамда мән-мағына табатынын, өмір сүре алатынын көрсетеді.

Тағы бір қорытынды: даналықтың өзі азап. Адам дүниедегі болып жатқан дүниелерді түсінсе, көзі ашылса, ақыл сана көзбен қараған кезде бұл өмірі азапты өмір екенін сезеді. Тобыр құдайы қараңғылықта, надандықта өмір сүреді. Соған қарап даналар оған жаны ашып, жетекшілік етемін дегенде, әрине, оларға үстемдік, құдайлық жасап жатқан күш, даналыққа жеткен тұлғаларды оларға жолатпай, алыстатуға тырысады.

Грек тілінің әлемдік деңгейге көтерілуі және күні бүгінге дейін зерттелуінің негізі, осындай әдебиеттегі ұлы шығармаларға тікелей байланысты. Ең қызығы, кейінгі зерттеулерде, Гомер дастандары туралы «Түркілердің Қорқыт ата дастандарынан көшірілген» деген пікірлер бар. Сол кездегі өркениетті елдердің жыр дастандары грек территориясына жетіп жатты, сонымен қатар, ежелгі грек жазбасының да негізі Мысыр жазбаларынан алынған. Мысыр жазбаларын пайдаланып, гректер өз алфавитін шығарған. Бұл сол кездегі өркениеттердің бір-бірімен тоғысқан жері Грекия болуы мүмкін деген ойға алып келеді.

Бұрыңғы кезде жыраулар мен жыршылар көшіп-қонып жүргенде, араб, парсы кеңістігі, түркі даналарының дастандары солардың арқасында кеңінен таралып кетуі де әбден мүмкін. Грек тілінің осындай дастандармен баюы, кейбіреуінің Гомердің атына тіркелуі, Гректердің әдебиеті ретінде әлем назарын өзіне баурап алып, өз жалғасын бүгінде тауып жатқанына кедергі болмағаны белгілі болып отыр. Гомердің шығармасындағы қараңғылық пен жарық, надандық пен даналық арасындағы күрес, адамзаттың қоғамда да, әр тұлғаның өз бойында да, жалғасын табатын мәңгілік күрес деп есептеледі.



Грек тілінің әлемдік деңгейге көтерілуіне себепкер болған Гомермен қатар, Платон, Сократ, Аристотель т.б. сияқты ойшыл философтардың біздерге мұра етіп қалдырған ойлары, көзқарастары, қазірдің өзінде жалғасын тауып жатыр. Бұдан басқа да адам өмірінің бағыт-бағдары, психологиясына тән мінез-құлықтары т.б. қатысты Гректердің философиялық еңбектері, мектептері жетерлік.

Платон (б.з.б.429/427–347) ежелгі грек философы, Сократтың шәкірті, Аристотельдің ұстазы. Платонның керемет шығармасының бірі – «Мемлекет» деп аталады. Бұл мінсіз мемлекет проблемасына арналған Платонның диалогі. Бұл шығармада адамзаттың санасына келетін көптеген ойлар, қоғамдағы әділетсіздік, қоғам мәселесі, билік мәселесі, тәлім-тәрбие, адамның жеке психологиялық мінез-құлқы әңгіме болады. Бұл тақырыптар, өлмейтін мәңгілік тақырыптар. Бүгінгі заманға көз салсақ, бүкіл ойшылдар, ақын-жазушылар осы тақырыптардың төңірегінде өз шығармаларын жазады.

Қоғам өзгеріске ұшыраған сайын, алдыңғылар кейінгілер туралы «Біздің заманымыз жақсы еді, қазіргі жастардың түсінігі жоқ, келешекте қоғам құриды» деген әңгімелер айтылады. Қанша жыл өтсе де, қоғам қандай өзгеріске түссе де, өмір жалғасын тауып, ондағы адамдар сол қоғамда өмір сүріп келе жатыр. Өзінің бойында ойы аз қоғам, әрине, жойылып кетіп жатыр, ал бойында мықты, терең ойы бар қоғам алдыңғы қатарға шығып, белгілі бір тұрақты орнын тауып жатыр. Мысалы, Еуропаның қазіргі дамуының, қоғамдық істеріндегі алдыңғы қатарға шығуының себебі, олардың ынтымағы, ауызбіршілігі, дүниеге көзқарасы т.б. ежелгі гректердің философиясынан алынғаны айдан анық.

Платон шығармаларындағы өзек еткен тақырыптар қазірдің өзінде маңыздылығын жоймай келе жатыр. Солардың ішінде үкімет, саяси билік, әсіресе, қоғамдағы тәрбие – ең маңыздылары. Адам кез келген, мысалы, физика, математика, химия т.б. салаларда білім алады. Кейін сол саланың маманы болып шықса да, оның адам болып шығуы екі талай. Демек, кез келген мемлекеттің көздегені: әр маманның адам болып шығуы. Өмірдегі басты кейіпкер – адам болғандықтан, адамды адам етіп тәрбиелеу ең өзекті проблема.

Британ математигі, логик, философ, Альфред Норд Уайтхед (1861–1947), «Қай жерге ойым жетті, сол өріске қадам бассам, сол ой өрісінде Платонның іздерін көремін» деп айтқан екен. Бұл дегеніміз Платонның ой өрісі, дүниетанымы, қоғамға қойған сұрақтары маңыздылығын бүгінде жоймай келе жатыр. Сол Платонның қойған сұрақтарын қазіргі заман философтары мен ойшылдары да қойып келе жатыр. Сондықтан Платоннан ешқашан оқшау, бөлек өмір сүру мүмкін болмайды. Олардың айтқан идеяларымен кейбіреулер толық келіспесе де, қозғаған мәселелерін мойындайды. Адамның мәдени, рухани әлемі математикалық есеппен ешқашан жүргізілмейді, сондықтан, құбылмалы, күрделі адам психологиясы, рухани әлемі өз жалғасын таба береді. Сол себептен, ол туралы пікір білдірген Платон сияқты ұлы тұлғалар мен философтардың көзқарастарын есепке алып, олармен санасуға тура келеді.

Сократ (б.з.б. 470/469–399) философиялық еңбектерінде табиғат пен әлемнің орнына адамды зерттеуге басымдық берген ежелгі грек философы. Сократтың «Мен, мына ұдың бір рюмкасын шындық үшін ішемін» деген атақты сөзі бар. Бұл сөзімен Сократ, шындық үшін жанымызды аямай, шындық үшін құрбан болуға дайын болсақ, шындықтың көзі ашылады деп, адамзатты тек қана шындық айтуға шақырған. Әлемнің ақиқатын табуға күрескен Сократтар осы бір сөзімен әлемнің ой кеңістігінде өз орнын алды.

Аристотель (б.з.б. 384–322) – логика ғылымының негізін салушы, ежелгі грек философы. Аристотельді бүкіл әлем бірінші ұстаз деп таниды. Ол логика ғылымының нағыз майталман негізін қалаушы. Аристотель дұрыс ойлануды сол кездің өзінде есепке алып, логика ғылымын зерттеген.

XVI–XVII ғасырларда Рене Декарт та өзінің философиясының негізін қалап, «Ғылыми ақиқаттың талаптарының ең бастысы – дұрыс ойлану» деп айтқан екен. Ал дұрыс ойлану сол Аристотель кезеңінен бері өз маңыздылығын сақтап келе жатыр. Біз әрқашан дұрыс ойласақ, өз мақсатымызға тура жолмен жетеміз, дұрыс ойламаған жерде, адасамыз.

Аристотельдің ойы шығыспен де, Әбу-Насыр әл-Фараби арқылы байланысты. Әбу-Насыр әл-Фараби ұлы философ, бүгінгі Қазақстанның Отырар қаласында дүниеге келген. 40 жасында ол отаны Отырардан Бағдатқа кетіп, білімін жетілдіріп, үлкен ғалым болған. Аристотельдің жазып қалдырған еңбегін Әбу-Насыр әл-Фарабиге дейін ешкім оқып түсіне алмаған, ол сол



еңбектеріне анықтама жазып, Аристотельді Еуропаға, ислам іліміне қайта таныстырды. Осыдан кейін Әбу-Насыр әл-Фараби әлемге екінші ұстаз деп танылады. Грек философиясын, грек дүниетанымын еуропалықтар Әбу-Насыр әл-Фарабидің осы еңбегі арқылы танып, қайтадан өзінің үзілген бағын жалғастырды. Ислам әлемі орта ғасырда реннесанстық дәуірді басынан өткізді, бұл да осы Әбу-Насыр әл-Фараби т.б. ұлы тұлғалардың арқасында екенін ұмытпау керек.

Ғылым және философия екеуі бірге дамып отырды. Философия жоқ жерде ешқашан бір мемлекеттің дамуы өріс алмайды. Әр нәрсенің бастауы – философия. Философия деген – ой, ой жоқ жерде адамзаттың өркениеті пайда болып, оның ары қарай дамуы мүмкін емес. Грек тілдерінің әдебиеті де, олардың философиялық шығармасы да, сол ой мектебінің қалануынан болып отыр.

Қазақ қоғамына қарағанда, біздің түркілік дәуірдегі қазақтың қазақ болып атануында да, әрқашан бізді жетелеп отырған ақынның тек көркем сөзі емес, ақынның ойы. Асан Қайғының өлеңдерінің бәрі ойға негізделген болса, біздің жаңа бір дәуірге келгенде, 1847–1904 жылдар аралығында саяси жүйе болмаса да, халқымызды әдебиетіміздің жырлары жетелеп отырды. Қоғамның тілінің қалыптасуына, оның біртұтас болуына, бірақ оның бір жетпей тұрған жері бар еді, ол – ой қазынасы. Сол ой іспеттес дүниелерді қазақ халқына Абай алып келді. Абай Құнанбайұлы қазақ әдебиеті ой мектебінің негізін қалаушы. Себебі оның оқырманы ойлануды үйренді.

Грек тілінің де баянды болып, оның әдебиеті күні бүгінге дейін оған құрметпен қаралатыны, оның әдеби шығармасы да, философиялық мектептердің бәрінде де, адамзаттың мәңгілік өмір сүруіне қажет тақырыптардың бәріне, ой көзбен қарау мәселесін қарастырып, мықты іргесін қалағандықтан болып отыр.